

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 31 қазан N 1384

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің кейбір ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 тамыздағы N 1227 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 34, 420-құжат);

5-тармақтың 1) тармақшасының 3-абзацы алынып тасталсын;

2) < * >

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) осы қаулының тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің (Мемстандарт) мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық органдарының - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі".

Ескерту. 2-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1220 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 31 қазандағы

N 1384 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 2 шілдедегі

N 904 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің (Мемстандарт) мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық органдарының мемлекеттік

м е к е м е л е р і н і ң

ТІЗБЕСІ

1. Ақмола облысы бойынша Мемстандарттың мемлекеттік - Көкшетау
қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
2. Астана қаласы бойынша Мемстандарттың мемлекеттік - Астана
қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
3. Ақтөбе облысы бойынша Мемстандарттың мемлекеттік - Ақтөбе
қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
4. Алматы облысы бойынша Мемстандарттың мемлекеттік - Талдықорған
қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
5. Алматы қаласы бойынша Мемстандарттың мемлекеттік - Алматы
қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
6. Атырау облысы бойынша Мемстандарттың мемлекеттік - Атырау
қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
7. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемстандарттың - Өскемен
мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
8. Жамбыл облысы бойынша Мемстандарттың мемлекеттік - Тараз
қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
9. Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемстандарттың - Орал қаласы
мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасы
10. Қарағанды облысы бойынша Мемстандарттың - Қарағанды
мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
11. Қостанай облысы бойынша Мемстандарттың - Қостанай
мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
12. Қызылорда облысы бойынша Мемстандарттың - Қызылорда
мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
13. Маңғыстау облысы бойынша Мемстандарттың - Ақтау
мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
14. Павлодар облысы бойынша Мемстандарттың - Павлодар
мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасы қаласы
15. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша - Петропавл
Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау қаласы
жөніндегі басқармасы
16. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша - Шымкент
Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау қаласы
жөніндегі басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК